

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 131 Заңына түсініктемесі

Ел экономикасы дамуының үстіміздегі жылғы оң нәтижелері, мемлекеттік бюджетке түсімдердің ұлғаюы және келесі жылғы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың қолайлы болжамы 2000 жылдың бюджетімен салыстырғанда шығыс бөлігі едәуір ұлғайтылған 2001 жылға арналған республикалық бюджет қабылдауға мүмкіндік берді.

2001 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс бөлігі (кірістердің, алынған ресми трансферттер (гранттар) және бұрын бюджеттен берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеу көлемінің сомасы) 2000 жылға арналған республикалық бюджеттің сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 18,7%-ға, (немесе 64,9 млрд. теңгеге) ұ л ғ а й т ы л ғ а н .

Бұл ұлғайту негізінен алынған ресми трансферттердің (гранттардың) - 26,8 млрд. теңгеге (артуы 1,5 есе), салық түсімдерінің - 2,9 млрд. теңгеге (артуы 1,2%), салықтық емес түсімдердің - 11,2 млрд. теңгеге (артуы 36,7%), капиталмен операциялардан түсетін табыстардың 21,2 млрд. теңгеге (артуы 1,9 есе) жоспарланған артуы есебінен қ ұ р а л а д ы .

2001 жылға арналған республикалық бюджетте кіріс бөлігінің кеңейтілуі оның шығыс бөлігін де айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берді. Мәселен, қорғанысты қаржыландыру көлемі 50%-ға (немесе 8,9 млрд. теңгеге) ұлғайтылды. Білім беруді қаржыландыру 29,3%-ға (немесе 4,2 млрд. теңгеге), денсаулық сақтауды қаржыландыру 50,8%-ға (немесе 4,1 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмекке арналған шығындар 1,2 млрд. теңгеге (немесе 0,8%-ға) ұлғайтылды. Соның ішінде зейнетақы төлеуге 2000 жылға арналған бюджетте көзделген қаржыландыру көлемінен 5,4 млрд. теңге көп, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеуге 3,3 млрд. теңге көп бағыттау жоспарланған. Арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеуге, азаматтардың жекелеген категорияларына төлеудің жергілікті бюджетке берілуін ескергенде, келесі жылдың республикалық бюджетінде 5,4 млрд. теңге көзделген.

2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық жалақының ең төменгі мөлшері 804 теңгеге ұлғайып, 3484 теңгеге, ең төменгі зейнетақы 1000 теңгеге өсіп, 4000 теңгеге ж е т е д і .

2001 жылға арналған республикалық бюджетте азаматтардың жекелеген

категорияларына жәрдемақылар бойынша, зейнетақыларға, өтемақыларға және материалдық көмекке үстемеақылар бойынша өткен жылдар міндеттемелерінің жалпы сомасы 2,2 млрд. теңге болатын бір бөлігін төлеу көзделген.

Сондай-ақ 2001 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде қысқартуға жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалар тізбесінің заңнамалық бекітілуін атап өту қажет.

Жоғарыда айтылған жәйт 2001 жылы, кірістер бойынша жоспардың атқарылу деңгейіне қарамастан, мемлекет өзіне мына бағдарламалардың қаржыландыру көлемін сақтау міндеттемесін алады:

- елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету;
- имуналдық алдын алуды жүргізу үшін вирустық гепатитке қарсы вакциналар мен диабетке қарсы препараттарды орталықтандырып сатып алу, республикалық деңгейде орындалатын "Туберкулез" бағдарламасы;
- зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнайы мемлекеттік жәрдемақылар, жерасты, ашық тау-кен жұмыстарында және айрықша зиянды жағдайдағы жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу.

*Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық*

талдау бөлімі